Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 13 қараша №1912-25-00-2/2446 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысының хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Амре Курылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі Елмурзаев М.С.
жауапкердің өкілі Бабалық А.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын, тапсырыс беруші) мен «Амре Курылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік, орындаушы) арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №030140001998/250425/00 шарт (әрі қарай – Шарт) жасалынған.

Шарт бойынша Орындаушы Ұзынағаш ауылындағы Жамбыл ауданы ветеринариялық зертханасының ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмыстары және шатырын жөндеу жұмыстары жобасы бойынша орындауға міндеттелген.

Орындау мерзімі Тапсырыс берушімен өтініш берілген күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде деп белгіленген. Шарттың жалпы сомасы 14 399786.24 тенгені құрайды.

Алайда, Кәсіпкер өзіне алған міндеттемені толықтай орындамаған, жұмыс толық көлемде бітпеген .

Шарт 2025 жылғы 11 қарашада бір жақты Тапсырыс берушімен бұзылған.

Кәсіпорын жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда Орындаушыны Шарт бойынша алған міндеттемені тиісті түрде орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға пікір ұсынбады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында талап қоюмен келіспейтінін білдіріп, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарына сәйкес, Серіктестік Шарт жасасып, 2025 жылғы 05 қыркүйекке дейін Ұзынағаш ауылындағы Жамбыл ауданы ветеринариялық зертханасының ғимаратының ағымдағы жөндеу жұмыстары және шатырын жөндеу жұмыстары жобасы бойынша орындауға міндеттелген.

Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, жұмыс толықтай жасалмаған

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 13.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2026, судья Кожахметов Б. А., 10.03.2026
1912-25-3-1/2732

мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қою шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Амре Курылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Амре Курылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Амре Курылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2026, судья Кожахметов Б. А., 10.03.2026

1912-25-3-1/2732

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2026, судья Кожахметов Б. А., 10.03.2026

1912-25-3-1/2732